

**Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 8 -VII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 28 қаңтарда № 4883 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 14 наурыздағы № 122-VII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 14.03.2022 № 122-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің 509 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Исатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Исатай аудандық мәслихатының бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (Н. Мусин) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*Н. Мусин  
Н. Муханбеталиев*